

АӨК-ДЕГІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ
КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АПК
COMMERCIALIZATION OF SCIENTIFIC RESEARCH RESULTS
IN THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

А.О. БАЗАРБАЕВ*¹

э.ғ.к., доцент

Б.Ж. АҚПАНБЕТОВА²

э.ғ.к., доцент

Р.Қ. БЕРСТЕМБАЕВА³

э.ғ.к., доцент

¹Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

²Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан

³Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: asylbek.bazarbaev@narхоз.kz

А.О. БАЗАРБАЕВ*¹

к.э.н., доцент

Б.Ж. АҚПАНБЕТОВА²

к.э.н., доцент

Р.К. БЕРСТЕМБАЕВА³

к.э.н., доцент

¹Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

²Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан

³Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,
Нур-Султан, Казахстан

*электронная почта автора: asylbek.bazarbaev@narхоз.kz

A.O. BAZARBAYEV*¹

C.E.Sc., Associated Professor

B.ZH. AKPANBETOVA²

C.E.Sc., Associated Professor

R.K. BERSTEMBAEVA³

C.E.Sc., Associated Professor

¹Narхоз University, Almaty, Kazakhstan

²Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Nur-Sultan, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: asylbek.bazarbaev@narхоз.kz

Аңдатпа. Мақалада аграрлық сектордағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруды зерделеу негізінде Қазақстанда ғылыми жаңалықтарды пайдалану мәселелері қарастырылған және елдің агроөнеркәсіптік кешенінің тиімділігін арттыру, бәсекелестік ортаны құру, инновацияларды жедел және тиімді қолдану үшін оларды шешу жолдары көрсетілген. Ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы ғылыми жетістіктерді коммерцияландырудың негізгі кедергілері анықталған. Авторлар АӨК инновациялық дамуының перспективалы бағыттарына баса назар аудара отырып, конкурстық негізде жобаларды мақсатты іріктеу кезінде ғана ынталандыру қажет екенін атап өтеді, сондай-ақ коммерцияландыру көрсеткіштерінің өсуі үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер өндіріске инновацияларды енгізуден жеңілдіктер алуға қол жеткізетініне, өздерінің өндірістік қабілеттілігін олардың инновациялық белсенділігін айқындайтын барлық параметрлер бойынша дәлелдейтініне назар аударады. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстардың ішкі шығындары жұмыс түрлеріне байланысты талданған.

Нәтижесінде елде ғылыми әзірлемелерді қаржыландыру төмен деңгейде қалып отырғаны, ҒЗТҚЖ-ға салынған қаражат деңгейі экономикалық дамыған елдерден едәуір төмен екені анықталған. Ғылыми нәтижелерді ойдағыдай коммерцияландыруға ықпал ететін инновациялық инфрақұрылым туралы ақпарат ұсынылған. Осылайша, инновациялық жобалардың қажеттілігі мен практикалық іске асырылуын қамтамасыз ететін ғылыми-инновациялық процестің маңызды міндеті технологияларды коммерцияландыру болып табылады.

Аннотация. На основе изучения коммерциализации результатов научных исследований в аграрном секторе в статье рассмотрены проблемы использования научных открытий в Казахстане и показаны пути их решения для повышения эффективности агропромышленного комплекса страны, создания конкурентной среды, ускоренного и эффективного применения инноваций. Выявлены основные барьеры коммерциализации научных достижений в сфере сельскохозяйственного производства. Авторы отмечают, что необходимы стимулы только при целевом отборе проектов на конкурсной основе с акцентом на перспективные направления инновационного развития АПК, а также обращают внимание на то, что для роста показателей коммерциализации сельхозпредприятия и другие хозяйствующие субъекты добиваются получения льгот от внедрения инноваций в производство, доказывают свою производственную состоятельность по всем параметрам, определяющим их инновационную активность. Проанализированы внутренние затраты на научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы в зависимости от видов работ. В результате установлено, что финансирование научных разработок в стране остается на низком уровне, уровень вложенных в НИОКР средств значительно уступает экономически развитым странам. Представлена информация об инновационной инфраструктуре, способствующей успешной коммерциализации научных результатов. Таким образом, важнейшей задачей научно-инновационного процесса, обеспечивающей востребованность и практическую реализуемость инновационных проектов, является коммерциализация технологий.

Abstract. Based on the study of commercialization of the results of scientific research in agricultural sector, the article discusses the issues of using scientific discoveries in Kazakhstan and shows ways to solve them to improve the efficiency of the country's agro-industrial complex, create competitive environment, accelerate effective application of innovations. The main barriers to the commercialization of scientific achievements in the field of agricultural production are identified. The authors note that incentives are needed only for the targeted selection of projects on competitive basis with emphasis on promising areas of innovative development of agro-industrial complex, and also draw attention to the fact that for the growth of indicators of commercialization of agricultural enterprises and other economic entities, they aim to get benefits from introduction of innovations into production, prove their production viability in all parameters that determine their innovative activity. Internal costs for research and development work are analyzed depending on the types of work. As a result, it was found that funding for scientific research in the country remains at a low level, the level of funds invested in R&D is significantly inferior to economically developed countries. The information on the innovative infrastructure contributing to the successful commercialization of scientific results is presented. Thus, the most important task of the scientific and innovative process, which ensures the relevance and practical feasibility of innovative projects, is the commercialization of technologies.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, аграрлық ғылым, ғылыми жетістіктер, инновациялық белсенділік, коммерцияландыру, бәсекелес орта, ғылыми орталық, маркетингтік зерттеулер.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, аграрная наука, научные достижения, инновационная активность, коммерциализация, конкурентная среда, научный центр, маркетинговые исследования.

Key words: agro-industrial complex, agricultural science, scientific achievements, innovative activity, commercialization, competitive environment, scientific center, marketing research.

Кіріспе. Елді экономикалық дамудың қажетті, неғұрлым жоғары деңгейіне шығару үшін барынша күш-жігерді өндірістік тұрғыдан неғұрлым күрделі болып табылатын, бірақ сонымен бірге экономиканың өсуі үшін жоғары әлеуеті бар салаларды

дамытуға шоғырландыру қажет. Қазақстан экономикасының мұндай саласы агроөнеркәсіптік кешен болып табылады. Дегенмен, бұл сала Қазақстанның бүкіл экономикалық кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол елдің жалпы ішкі өнімінің

30%-ға жуығын алады [1]. Еліміздің ауыл шаруашылығы бүгінде өнімді әлемнің көптеген елдеріне кеңінен экспорттайды және бұл ретте экспорттың географиялық бағыты әлі таусылмаған.

Бәсекелестік ортаны құрудың екінші шарты шаралардың мақсатты болуы болып табылады. Нарық жағдайында жаңашылдық инвестициялар мен жетілдірілген инновациялық қызметтің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады [2]. Мұнда аграрлық секторды инновациялық дамытудың перспективалы бағыттарына назар аудару қажет. Яғни, ынталандыруларын конкурстық негізде жобаларды мақсатты іріктеумен ғана ұсынуды қамтамасыз ету. Коммерциялық әлеуеті жоғары жобалар ғана іріктелуі тиіс, ал өндірілетін өнім әлемдік үздік үлгілерге нақты сәйкес келетін болады. Ынталандырушы жеңілдіктер, қаржыландыру және т.б. беру үшін іріктелген конкурстық жобалардың тиімділігін арттыру үшін жоба бойынша инновациялық өнімнің 50%-ын экспортқа жеткізу туралы талап қажетті шарт болуы тиіс.

Коммерцияландыру тиімділігін арттыру үшін компаниялар өндіріске инновацияларды енгізуден жеңілдіктер алу үшін күресуге тиіс. Олар инновацияларды енгізудің табысты болуын анықтайтын барлық параметрлер бойынша өзінің өндірістік ауқаттылығын дәлелдеуі қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің қазіргі кезеңі жоғары технологиялық және нақты әдістерді қолданумен тығыз байланысты. Олардың қатарына экономикалық-математикалық және имитациялық модельдеу әдістері жатады. Отандық АӨК-де көптеген табиғи және экономикалық жағдайлардың шаруашылық жүргізу нәтижелеріне елеулі әсер етуінен олар әлі кең таралған жоқ. Алайда, жеке шаруашылық жүргізуші субъект (кәсіпорын) деңгейінде оларды тиімді пайдаланудың жарқын мысалдары орын алады (жер пайдалануды оңтайландыру, салалар үйлесімінің құрылымы, ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарының табындарының айналымын оңтайландыру және т.б.).

Еліміздің АӨК саласында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері экономикалық заңдар мен заңдылықтардың көрінуінің теориялық негіздемесі болып табылады. Олардың негізінде берілген бағыттары мен күтілетін нәтижелері бар виртуалды даму модельдерін құру жүзеге асырылады. Экономикалық зерттеулердің теориялық базасы – бұл ұзақ мерзімді және орта

мерзімді жоспарлаудың жетекші буыны [3].

Экономикалық заңдарды және нақты нәтижелерді бағалаудың жаңа әдістемелерін іске асырудың жаңа бағыттарын анықтау қазіргі заманның экономикалық ойынының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Теориялық әзірлемелер экономиканың аграрлық секторын ұзақ мерзімді реформалаудың ажырамас бөлігі ретінде ұсынылады. Қазақстанның АӨК-нің жаңа тарихында азық-түлікке тәуелділікті еңсерудің барабар емес және кейде қате теориялары орын алуда.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Коммерцияландыру жетістігі ғылыми жетістіктердің сұранысына байланысты. Бұл ретте ғылыми жаңалықтарға деген сұраныс әрдайым олардың практикалық құндылығы мен жоғары әлеуетіне байланысты емес. Олар өндірушілердің инновацияларды пайдалануға дайын болмауына байланысты талап етілмеген болуы мүмкін [4]. Жаңалықтарға сенімсіздік, өндірушілердің қажетті білімінің жоқтығы, қаржыландырудың жетіспеуі, жаңалықтардың алдындағы қорқыныш және т.б. орын алуы мүмкін.

Қазақстандағы жағдай бүгінгі күні мынадай, тіпті ірі агроөнеркәсіптік компаниялар да ғылыми жаңалықтардың перспективалы бағыттарын өткізу нарығы бойынша кең ауқымды маркетингтік зерттеулерге мүмкіндік бере алмайды. Бұл қазіргі қаржылық проблемаларға, бір жағынан, маркетингтік мамандарының жетіспеушілігіне, қажетті маркетингтік зерттеулер жүргізу үшін, екінші жағынан, әлсіз ақпараттық базаға байланысты. Тұтастай алғанда, ел бойынша ғылыми әзірлемелерге салымдар төмен деңгейде қалып отыр, ҒЗТҚЖ-ға қаражат салғаннан әлдеқайда төмен (1 кесте).

2019 жылы ҒЗТҚЖ-ға ішкі шығындар былтырғы жылмен салыстырғанда 14%-ға артып, 82333,1 млн теңгені құрады. Жалпы ішкі шығындар көлеміндегі қолданбалы зерттеулердің үлесі – 63,9%, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің үлесі – 22,7% және іргелі зерттеулер 13,4% болды.

Қазақстанда 2019 жылдың қорытындысы бойынша ҒЗТҚЖ-ға арналған ішкі шығындар ЖІӨ-нің 0,12%-ын құрады. Салыстыру үшін, Оңтүстік Кореяның ҒЗТҚЖ-ға инвестиция салу бойынша көшбасшысында бұл көрсеткіш 4%-дан астамын құрайды. Қаржыландырудың осындай деңгейінде ғылыми жаңалықтардың саны айтарлықтай аз болады, сәйкесінше коммерцияландыру үшін ғылыми жаңалықтардың саны объективті түрде аз.

1 кесте – Жұмыс түрлеріне қарай ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар

млн тг

	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.
ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар, барлығы	69302,9	66600,1	68884,2	72224,6	82333,1
Жалпы ішкі өнімнен ҒЗТҚЖ-ға арналған ішкі шығындардың үлесі, %	0,17	0,14	0,13	0,12	0,12
соның ішінде:					
ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер:					
іргелі зерттеулер	15838,8	13809,2	10785,9	10629,0	11044,3
қолданбалы зерттеулер	36959,0	35841,1	40909,6	43278,3	5 620,9
тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер:					
жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстар	12658,2	12341,7	14817,7	16387,9	16804,7
тәжірибелік үлгілерді, бұйымдар топтамасын (өнімдер) дайындау	1478,4	2478,1	885,3	1518,6	1415,2
құрылысқа арналған жобалау жұмыстары	2368,5	2130,0	1485,7	410,8	448,0
Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты// http://stat.gov.kz					

Халықаралық ынтымақтастық инновациялық процестерге оң әсер етеді. Ауқымды тәжірибеге сүйене отырып, ҒЗТҚЖ мен инновациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың кешенді стратегиясы нақты мақсаттар мен басымдықтарды белгілеуі тиіс. Келісілген және дәйекті саясатты, әсіресе ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін арттыруға және нығайтуға қатысты қамтамасыз ету үшін инновацияларға байла-

нысты басқа бағдарламаларға ықпал ететін халықаралық байланыстар қажет [5].

Осыған байланысты ғылымды дамытудың тағы бір маңызды факторы – бұл жақсы уәжделген персоналдың болуы. Статистикалық деректер Қазақстанның ғылыми қызметкерлері жалақысының төмен деңгейін көрсетеді. Кестеде келтірілген деректер ғылыми қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу саласындағы қиын жағдайды көрсетеді [6] (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасындағы ғалымдардың орташа айлық жалақысының мөлшері

	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2019 ж. %-бен	
						2015ж.	2018ж.
Ғылыми қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге	184940	208752	228385	240717	267195	144,5	110,9
Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты// http://stat.gov.kz							

Жалақы жыл сайынғы инфляциядан асып түссе де, олар өте төмен болып қала береді және ғылымға жас және талантты қызметкерлердің келуін ынталандырмайды.

Мұндай жағдайда мемлекеттік қаражат есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын мамандандырылған ұйымдарда (ең алдымен жеке меншік) маркетингтік зерттеулер жүргізу үшін күшжігерді шоғырландыру проблеманы шешу болуы мүмкін. Бәсекелестік ортаны құру үшін конкурстық негізде АгроӨнім нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізуге тиісті тапсырыстар алатын екі-үш ұйым құрған жөн. Құрылған маркетингтік ұйымдар зерттеулерді сапалы жүргізу үшін қажетті өндірістік-техникалық базаға ие болуы тиіс екені анық.

Мұндай маркетингтік ұйымдардың негізгі міндеті ғылыми ашылудың коммерциялық перспективасын, оны практикалық қызметте кеңінен қолдану әлеуетін бағалау болуы тиіс. Өндірістің өсуіне және қаржылық көрсеткіштердің жақсаруына алып келетін ашылудың перспективалылығын растайтын факторлары болған жағдайда – мұндай ғылыми ашу коммерциялық пайдалану үшін ұсынылуы мүмкін.

Бірінші кезекте инновациялық өнім өндірісінің көлемі ұлғайған кезде жиынтық өткізу нарығы сыйымдылығының серпінін бағалау қажет. Бұл жағдайда ішкі және сыртқы нарық сыйымдылығының перспективасы бағаланады. Бұдан басқа, маркетингтік ұйым инновациялық өнімді жаңа нарықтарға жылжыту тетігін әзірлеуі тиіс.

Егер ғылыми ашу өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты емес, өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға бағытталған болса, онда маркетингтік зерттеудің мақсаты оны пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау болады, айталық, өнім бағасының өсуіне әкеледі.

Қазақстанның аграрлық өндірісі сала-сында зерттеулер жүргізу үшін мамандандырылған маркетингтік ұйымдарды құру неғұрлым терең зерттеулер жүргізу және ұсынылатын инновациялардың перспективалылығын бағалау есебінен ғылыми жетістіктерді коммерцияландыру проблемасын шешуге ықпал етеді. Мұндай ұйымдар маркетингтік зерттеулер үшін қуатты ғылыми-зерттеу базасын қалыптастыру есебінен, оларды қажетті ақпаратпен және инновацияларды пайдалану жөніндегі ұсыныстармен қамтамасыз ете отырып, агро-өнеркәсіптік сектордағы көптеген өндірушілердің міндетін жеңілдетеді.

Мамандандырылған маркетингтік ұйымдарды құру туралы ұсыныс қазіргі агроғылымды коммерцияландыру жүйесінен ерекшеленеді. Коммерцияландыру тиімділігін арттыру үшін зерттеу компаниялары арасында бәсекелестік қажет. Қазіргі таңда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Қазақстанның аграрлық секторында коммерцияландыруды басқару құрылымының бәсекелес шарттары жоқ [7]. Бәсекелестіктің болмауы маркетингтік зерттеулерді барынша тиімді жүргізуге мүмкіндік бермейді. Жалпы алғанда, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ құрылымы ғылыми жетістіктерді коммерцияландыру үшін оңтайлы болып саналмайды.

Ғылыми жетістіктерді коммерцияландырудың маңызды құрамдас бөлігі олар туралы мүдделі субъектілердің хабардар болуы болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстанда елеулі проблемалар бар. Жарияланатын материалдар жиі инновацияларды енгізудің пайдасы туралы толыққанды түсінік бермейтін беткейлік сипатқа ие. Сондықтан көптеген аграрлық өнім өндірушілер тәуекелге бармауды қалайды және белгілі технологиялар бойынша өндірісті жалғастыруда.

Ғылыми ашылымдар бойынша жария ақпараттың маңызды тарабы және оларды енгізу осы процестің кең жариялылығы болып табылады. Инновациялық технологияларды игеру ісінде табыстар туралы ақпараттандыру ғылымды және оның нәтижелерін іс жүзінде пайдаланумен айналысатындарға сенімділік беру тұрғысынан,

процесті ынталандыра отырып, маңызды. Қоғам мұндай ақпаратты ала отырып, әлеуметтік-экономикалық прогреске неғұрлым дайын және мақсатты болады, сондай-ақ қоғамдық пікір қалыптастыра отырып, ғылым шығындарын жанама бақылайды.

Жалпы алғанда, ғылыми жетістіктер туралы ақпараттандыру және оны елдің кәсіпкерлік корпусы арасында шебер тарту бизнесмендер арасында бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Ақпараттандыру біртіндеп «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ шеңберінде процесс операторы ретінде анықталған субъектілердің ғана емес, басқа да кәсіпкерлердің ғылыми жетістіктерін игеруге деген қызығушылығын оятуы тиіс. Бұл тұрғыда «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ субъектілерінің еншілес кәсіпорындарының тізіміне кірмейтін компанияларға инновацияларды игеруге қатысуға кедергі жасауға болмайды. Ғылыми әзірлемелерді игеру құқығын нарықтың барлық мүдделі субъектілері алуы тиіс.

Аграрлық секторда бар жоғары тәуекелдер ғылыми нәтижелерді өндіріске трансформациялауды ынталандырудың неғұрлым ұтымды нысандарын іздестіру мен пайдалануды қажет етеді. Бүгінгі таңда ғылыми жаңалықтарды нарыққа жылжытуды қаржыландыру ынталандырудың маңызды жағы болып табылады. Инновацияларды тікелей мемлекеттік қаржыландыру – инновацияларды қолдаудың маңызды құрамдас бөлігі. Қазақстанда оның орны бар. Мемлекет инновациялық жобаларды іске асыру және оларды коммерцияландыру үшін гранттар, инвестициялар мен кредиттер береді.

Аграрлық өндіріске инновацияларды енгізуді ынталандыруды оның барынша нәтижелілігіне есептей отырып салу қажет. Бұл үшін әлеуетті субъектілерді ынталандыру арқылы ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру бойынша шаралар кешенін қолдану керек [8]. Бұл мәселеде негізгі ынталандыру факторы материалдық пайда болып қалады. Бұл ретте материалдық пайда мөлшері барабар болуы тиіс. Өндіріске инновацияларды енгізу жөніндегі күш-жігердің жеткілікті түрде өтелмеуі қажетті нәтижелер бермейді, ғылыми жаңалықтардың нәтижелерін өндіріске енгізуден болатын тәуекелдерге алып келетін ықтимал шығындарды қайта жаппайды.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде инновацияларды мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары ғылыми ұйымдардың бизнес құрылымдарымен күш-жігерін бірікті-

руге, ғылыми және инновациялық жаңалықтарды коммерцияландыру ісінде делдал ұйымдарды ынталандыруға, инновациялық салалардағы венчурлік кәсіпорындарды қаржылық қолдауға, инновациялық саясатты арнайы құрылған мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызуға, инновациялық қызметке қатысушыларды жан-жақты ақпараттық және әдістемелік қолдауға жинақталады [9].

Ұсынылған шаралардың көмегімен аталған шараларды неғұрлым белсенді жүзеге асырған жағдайда Қазақстанның инновациялық дамуын да айтарлықтай жеделдетуге болады деп ойлауға және сенуге болады.

Ғылыми әзірлемелерді іс жүзінде іске асыруға дейін ілгерілету жөніндегі жоғарыда аталған ұсыныстардың құқықтық қамтамасыз етілуі тиіс. Осыған байланысты тиісті құқықтық нормалар заңнамалық актілерде бекітілуі қажет.

Тұжырымдар

1. Ғылымды коммерцияландыру деңгейі әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі Қазақстанның стратегиялық міндеттеріне жауап бермейді, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі проблемаларын шешуге мүмкіндік бермейді. Қазақстанда ғылыми жаңалықтарды нарыққа жылжыту ісінде елеулі кедергілер орын алуда. Олар түрлі салаларға, соның ішінде экономиканың аграрлық секторына да қатысты. Оларды жою коммерцияландыру процесін басқару міндеті болып табылады. Ғылыми жаңалықтарды өндіріске дейін жылжыту процесі түрлі мәселелерді шешуге байланысты.

2. Қазақстанда ғылыми әзірлемелерді өндірістік салаға жылжыту үшін нақты негіз жоқ. Қолданыстағы жүйе ғылымды коммерцияландырудың жылдам және тиімді дамуына кедергі келтіреді. Проблеманы шешу үшін бәсекелестік орта құру қажет, соның арқасында процеске қатысушылардың барлығы ғылыми әзірлемелерді жылдам және тиімді пайдалануға ынталандырылатын болады, бұл бір ғылыми өнімдер жасағаны үшін ынталандыруға, басқаларға ғылыми жаңалықтарды енгізуден экономикалық пайда алуға және сол арқылы көрсеткіштердің өсуіне және өзінің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Ғылым мен инновациялық технологиялардың жетістіктерін іс жүзінде пайдалану мәселесінде кәсіпкерлерді күшті ынталандыру жүйесін құру талап етіледі. Бұдан басқа, неғұрлым перспективалы,

жоғары коммерциялық әлеуеті бар жобаларды іріктеу бойынша конкурстық институттар құру талап етіледі.

4. Аграрлық өндіріс саласындағы коммерцияландыру нарықты алдын ала және мұқият зерттеуді, белгілі бір ғылыми жетістіктерге нақты сұраныстың болуын талап етеді. Ол қаржымен, басқару процесімен, ынталандырумен және т.б. байланысты коммерцияландырудың басқа да маңызды аспектілерін шешуді талап етеді.

5. Ғылыми жаңалықтардың практикалық маңыздылығы оларды адам игілігі, қоғам игілігі үшін пайдалану кезінде ғана өседі. Ғылыми жаңалықтарды өндіріске дейін жылжыту, сайып келгенде, адамдардың қажеттіліктеріне жақсы қызмет көрсету мен қанағаттандырылуы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму прогресінің маңызды жағы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Ченгельбаев, Ж.М. Оценка состояния АПК Республики Казахстан на современном этапе развития [Электронный ресурс]. - 2017. - URL: <http://www.izron.ru/articles> (дата обращения: 10.06.2020).

2 Мырзалиев, Б.С. Инновационные процессы в агропромышленном комплексе Республики Казахстан: проблемы и пути их решения / Б.С. Мырзалиев, Е.Т. Абилка-симов, Л.Т.Тайжанов // Проблемы агрорын-ка». - 2020. - №1. – С.18-27.

3 Ягодкина Е.И., Минат В.Н. Методическое обеспечение проведения научных исследований экономических проблем развития АПК России // Актуальные проблемы науки и практики XXI века: материалы Всероссийской науч.-практ. конф., Рязанский филиал НОУ ВО «Московская академия экономики и права». - Казань: Бук, 2016. –С. 89-94.

4 Аньшин, В.М. Инновационный менеджмент / В.М. Аньшин, А.А. Дагаев, В.А Колоколов. - Москва: Дело, 2006.- 528с.

5 Зейнуллина, А.Ж. Инновационное развитие АПК Казахстана / А.Ж. Зейнуллина, Т.Д. Айдарханова // Проблемы агрорын-ка». - 2019. - №4. –С. 55-61.

6 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ РК [Электронный ресурс].-2019. -URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 22.06.2020).

7 Официальный сайт НАО «Национальный аграрный научно-образовательный центр» [Электронный ресурс].- 2019. - URL: <http://www.nasac.kz> (дата обращения: 01.07.2020).

8 Аграрную науку Казахстана ожидают серьезные реформы [Электронный ресурс].- 2013.- URL:<http://www.zakon.kz/4534200-agrarnuju-naukukazakhstan-ozhidajut.html> (дата обращения: 10.07.2020).

9 Калятин, В.О. Опыт Европы, США и Индии в сфере государственной поддержки инноваций/ В.О Калятин, В.Б., Наумов, Т.С. Никифорова // Российский юридический журнал. - 2011. - №1. - С.171-183.

References

1 Shengelbayev, J.M. Assessment of the status of agriculture of the Republic of Kazakhstan at the present stage of development [Electronic resource].- 2017. -URL: <http://www.izron.ru/articles> (date of access: 10.06.2020).

2 Myrzaliev, B.S. Innovation processes in the agroindustrial complex of Kazakhstan: problems and solutions / B.S. Myrzaliev, E.T. Abylkasymov, L.T. Tayzhanov // Problems of Agri Market. - 2020. - No. 1. - P. 18-27.

3 Yagodkina E.I., Minat V.N. Methodological support of scientific research of economic problems of development of the agro-industrial complex of Russia // Actual problems of science and practice of the XXI century: materials of the All-Russian scientific-practical. Conf., Ryazan branch of the Moscow Academy of Economics and Law. - Kazan: Buk, 2016. – P. 89-94.

4 Anshin, V.M. Innovative management / V. M. Anshin, A.A. Dagaev, V.A. Kolokolov. - Moscow: Delo, 2006. – 528p.

5 Zeynullina, A.Zh. Innovative development of the agro-industrial complex of Kazakhstan / A. Zh. Zeynullina, T.D. Aidarkhanova // Problems of AgriMarket. - 2019. - No. 4. - P. 55-61.

6 Official website of the Committee on statistics of the Ministry of national ECONOMY of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. -2019.- URL: <http://www.stat.gov.kz> (date of access: 22.06.2020).

7 Official website of NAO "national agrarian scientific and educational center" [Electronic resource]. - 2019. - URL: <http://www.nasec.kz>. (date of access: 01.07.2020).

8 Serious reforms are expected in the Agrarian science of Kazakhstan [Electronic resource].- 2013.- URL:<http://www.zakon.kz/4534200-agrarnuju-nauku-kazakhstana-ozhidajut.html> (date of access: 10.07.2020).

9 Kalyatin, V.O. Experience of Europe, the USA and India in the sphere of state support of innovations/ V.O Kalyatin, V.B., Naumov, T.S. Nikiforova //Russian legal journal.- 2011.- N. 1.- P. 171-183.

Авторлар туралы ақпараттар:

Базарбаев Асылбек Орыншаихович, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қаржы және деректерді талдау» ғылыми-білім беру департаментінің профессоры, Нархоз университеті, 050035, Жандосов к-сі, 55, Алматы, Қазақстан, asylbek.bazarbaev@narхоз.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3290-3349>

Ақпанбетова Бейнегүл Жеңісовна, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қаржы» кафедрасының доценті, Алматы экономика және статистика академиясы, 050035, Жандосов к-сі, 59, Алматы, Қазақстан, abeinegul@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6817-052X>

Берстембаева Рысты Құдайбергеновна, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қаржы» кафедрасының доценті, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, 020000, Жұбанов к-сі, 7, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, rberstembayeva@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-0060-9954>